

ФТАР 16.01.11

Ғылыми мақала

Назым Толеева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

(E-mail: toleeva.nazym@mail.ru)

Тіл білімі және нейроғылым: нейролингвистиканың заманауи мәселелері

Аңдатпа. Мақалада қазіргі таңдағы тіл білімінің интегративті ғылым ретіндегі сипаты зерделенген, білім алушылардың болашақ ғалым ретінде қалыптасуына ықпал ететін зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу мәдениетін дамытып, заман талабына сай сындарлы ой айтуы зерделенеді. Білім алушылардың нейролингвистикалық зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың негізгі аспектілері, бұл не үшін маңызды, студент зерттеу барысында қандай дағдыларды игереді, бұл әдіс жаңа білімді меңгерту барысында қаншалықты тиімді және білім алушының пәнге деген қызығушылығын арттыруға қаншалықты ықпал ететіндігі пайымдалады. Мақалада когнитивтік лингвистика мен нейролингвистиканың өзара байланысы қарастырылады. Мақала сөйлеу әрекетін тану мен құрудың, тілді игерудің және квази-тілдік бірліктерінің негізін құрудағы мидың қызметін, мидағы үдерістерді зерттеуге арналған. Когнитивтік нейролингвистика сөйлеуді оның адаммен және оның танымымен қарым-қатынасында қарастырады. Бұл әлем туралы білімді жинақтаудың, жүйелеудің, өңдеудің және қолданудың негізгі құралдарының бірі ретінде қарастырылатын ғылым саласы. Мақала когнитивті нейролингвистиканы тарихи-ғылыми және әдіснамалық талдауға арналған. Сонымен қатар мақалада нейролингвистика тіл философиясымен, когнитивтік лингвистика және жалпы тіл білімімен байланыста қарастырылады және нейролингвистика саласының одан әрі қарай дамудың басым бағыттары зерделенген.

Сөйлеу барысын зерделеп, талқылау барысында білім беру үдерісін жандандырып, білім алушылардың біліктілігін арттыруға барынша ықпал ететін әдістер мен дағдылар ұсынылды: саралау тапсырмасын беру, оқытудың алуан түрлі әдіс-тәсілдерін пайдалану. Айқындалған ұсыныстар ескеріле отырып, білім беру үдерісі мен зерттеу сабағы қайта жасақталды. Білім алушы сабақты жете меңгеруі үшін бірнеше сабақ қатарынан өзара логикалық байланысты циклдік сабақтар жүргізіп, оқушылардың іс-әрекеттері бақыланды, зерделенді. Сонымен қатар білім алушылардың өзара ынтымақтастығы да назардан тыс қалмады. Нәтижесінде барынша ұтымды әдісті саралау арқылы жетістікке жетуге болатындығы анықталды. **Түйін сөздер:** нейролингвистика, нейрология, тіл философиясы, когнитивті нейролингвистика, дағды, қалыптастыру, әдістер, зерттеу, оңтайлы, пән, қызығушылық, меңгеру, арттыру, білім алушы, біліктілікті арттыру, ынтымақтастық

DOI: <https://doi.org/10.71078/ev7vcf32>

Түсті: 28.09.2025; Мақұлданды: 29.09.2025; Онлайн қолжетімді: 3.10.2025.

Кіріспе

Нейролингвистика (грек. *Neuron* жүйке, франц. *Linguistique* лингвистика, лат. *lingua* тіл) – неврология мен тіл білімінің түйіскен жерінде пайда болған, мимен байланысты тіл жүйесін зерттейтін ғылым саласы. Мидың зақымдануынан сөйлеудің бұзылуы (афазия) орта ғасырлардан белгілі, бірақ оның зерттелуі XIX ғ. екінші жартысында басталды. Оны

зерттеуде В.А. Богородицкий, И.А. Бодуэн де Куртенэ, Л.В. Щерба т.б. тіл қызметінің үш құрамынан – фонация (дауыстап айту), аудиция (қабылдау), церебрациядан (мида болатын процесс) тұратынына сүйенген. Кеңес дәуірінде дамуы Л.С. Выготскийдің психологиялық тұжырымына сүйенген А.Р. Лурия еңбектерінде көрсетілген. Қазіргі нейролингвистика адамның сөйлеу қызметін кешенді зерттеудің бір саласы болып табылады.

Адам баласының сана-сезімінің дамуында дыбысты тілдің пайда болуының маңызы зор болды. Сөйлеудің пайда болуы нәтижесінде адам организмі анатомиялық өзгерістерге түсіп, дыбыс артикуляциясына қабілеті бар сөйлеу аппараты жасалды. Осының арқасында адам жеке дыбыстарды ғана емес, түрлі дыбыс тіркестерін, тиісті мән-мағынасы бар сөздерді айта алатын қабілетке ие болды. Сөйлеу адам санасының басты белгісі. Сөйлеу мен сананың пайда болып, біртіндеп қалыптасуын тек биологиялық жағдайлардан емес, ең бастысы қоғамдық-әлеуметтік, тарихи факторлардан іздестіруіміз қажет. Мақалада сана мен тіл адамзат қоғамының тарихи дамуының, олардың іс-әрекетпен айналысуының, еңбек құралдарын жасап, пайдалана білудің нәтижесі ретінде қарастырылған.

Жүйке жүйесінің функциялық заңдылықтарын анықтау үшін теориялық және қолданбалы мәселелерді шешуге бағытталған нейроғылымның заманауи әдіснамалық тәсілдеріне негізделген кәсіптік қызметті жүзеге асыратын, кәсіби қызметте моральдық-этикалық нормалар мен принциптерді басшылыққа ала отырып, нейроғылымда әлемдік ғылыми және практикалық тәжірибені шоғырландыруға қабілетті, қоғамның ғылыми -білім беру, әлеуметтік-экономикалық салаларында инновациялық нейротехнологияларды әзірлейтін және енгізетін, жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес келетін кәсіби құзыреттілікке ие нейроғылым саласының мамандары қажет.

Ғылымибағыттың дамуы Л.С.Выгодскийдің психологиялық концепциясына сүйенген А.Р. Лурия еңбектерінде жан-жақты зерделенген. Нейролингвистикалық зерттеулер неврология мен тіл білімі теориясының дамуымен бірге дамыды. Нейролингвистика емдеу орындарында диагностикалық міндеттерді шешу қажеттілігінен пайда болған. Мұндағы негізгі әдіс – түрлі жағдайға тап болған науқастың қалай сөйлейтінін бақылау және қадағалау.

Зерттеу әдістемесі

XX ғасырдың 2-жартысында нейролингвистикалық зерттеуге психоллингвистика, нейропсихология, нейрофизиология, психоакустика, кибернетика т.б. ғылым салалары ықпалын тигізеді. Сөйтіп, қазіргі нейролингвистика адамның сөйлеу қызметін кешеді әрі толыққанды зерттеудің бір саласына айналды.

«Ғылыми ортада, кем дегенде, адамның миы соңғы эволюцияның өте тез өсуі салдарынан екі есеге артты» (Wills, 1993) гипотезасы шексіз пікірталас тудырды. Ми қызметінің артуы, ауызекі тілдің дамуы және ойдың тіл арқылы көрініс табуы айрықша артықшылық. Дегенмен, тілмен тікелей байланысты болуына қатысты шартты жәйттар бар: фронтальды және париетальды, шырышты және уақытша шұңқырлардың түйісуі (РОТ торабы). Бұл физиологияны, анатомияны, молекулалық биологияны, даму сатысын, цитологияны, информатиканы және нейрондар, нейронды желілердің іргелі және жүре пайда болатын қасиеттерін түсіндіруге арналған математикалық модельдеу негізінде өзара біріктіретін көпбейінді зерттеу жүйесі болып табылады.

Эрик Кандел үйренудің, жадында сақтаудың, іс-әрекеттің, сезінудің және зерденің биологиялық негіздерін түсінуді биологиялық ғылымдарының «эпикалық тәуекелі» (*epic challenge*) ретінде сипаттаған. Ғалым нейрондық пластиканы, мидың жаңа ақпаратты қабылдап, оны сақтау қабілетін зерттеді. Мақсаты – ұзақ мерзімді есте сақтаудың молекулалық механизмдерін ашу (Кандель, 2020: 108).

Нейроғылымның ауқымы уақыт өте дамып, жүйке жүйесін әртүрлі деңгейде зерттеу барысында пайдаланылатын түрлі әдіс пен тәсілдерді қамтиды.

Нейроғылым (ағылш. *Neuroscience*) – жүйке жүйесін ғылыми зерттейтін ғылымдар тұтастығы. Нейролингвистиканың негізгі мақсаты – тіл мен сөйлеудің неврологиялық негіздерін түсіну және түсіндіру, тілді және тілдерді қолданудағы тетіктер мен үдерістерді сипаттау болып табылады. Нейролингвистиканы зерттеу бұл тілдегі және сөйлеудегі бұзылыстарды зерделеуді қамтиды. Ересектерге мен балаларға арналған афазиялар, сондай-ақ оқу мүгедектігі болады және бұл функцияның тілге және сөйлеуге қатысты болғандықтан, жан-жақты өзгеруіне әкеледі.

Оқу әрекетінде психологиялық ықпал қиындықтармен тікелей және жанама байланысқан психотерапиялық техникаларды қолдану. Басқа жағынан, қазіргі қазақстандық қоғамның дамуы адамның өмірінде интенсивті даму оқу әрекетінде белсенділік танытып, психотерапиялық техникаға қатысы бар жаңа технологияны енгізу.

Қазіргі психологиялық-педагогикалық зерттеулердің басым бағыттарының бірі – оқу әрекетіндегі оқытушы мен білім алушының қарым – қатынасының заңдылықтарының оқып-білу болып табылады. Негізгі педагогикалық шеберлік пен тәжірибенің бағытында оқыту, үйрету әдістемесін құруда зерттеушілермен үлкен жұмыс жүргізілуде. Дегенмен, М. Эриксонның стратегиялық тұжырымына сәйкес, психотерапиялық техниканы қолдануға арналған жұмыстардың жоқтың қасы (Эриксон, 1901: 3).

Милтон Эриксон адамның бейсаналық ресурстарын пайдалану арқылы – адам санасының бейсаналық деңгейінде шексіз ресурстар бар екенін және гипноз арқылы оларға қол жеткізуге болатынын дәлелдеді. Ол Эриксондық гипноз және стратегиялық психотерапияны дамытумен айналысқан. Ғалым түрен салған әдістер қазіргі таңда психотерапия, коучинг және коммуникация бизнес салаларында кеңінен қолданылып жүр.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Е.Г. Ким өзінің «Применение эриксоновских техник в процессе обучение» тақырыбында диссертациясын қорғады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы ЖОО – да оқыту тәсілдерінің мәнділігін қолдану және құру, білім алушылардың кәсіби білімінің негізінде жалпы оқу білімін дамыту мақсатты деп болжаған. Ғылыми жаңалықта сонымен қатар, оқыту үрдісінде эриксондық техниканы қолдану арқылы жеке және танымдық қасиеттердің дамуының негізін жұмыста бірінші рет тәжірибеде қолданды. Оқыту үдерісінде эриксондық техниканы педагогикалық – психологиялық құбылыста ерекше және күрделі құбылыс ретінде қолдану бірінші рет, оның тиімділігін арттыруына әсер етуіне байланысты (Ким, 2005: 5).

Эриксондық гипноз – психотерапияның бір бағыты, сенімнің жаңа түрін және де гипнотикалық трансты қолдануды зерттейді. Бұл бағыттың негізін қалаған американдық психотерапевт Милтон Эриксон (1901-1980 жж.). М. Эриксон гипнотикалық транс туралы ойларын толығымен өзгертті, оны физиология саласында жеке адамның қатынас облысына ауыстырды. Оның әдістері «Нейро-лингвистикалық бағдарламалаудың (NLP) дамуына негіз болды (Эриксон, 1901).

Эриксондық гипнозды тілді оқытуда қолдану. Эриксондық гипноз табиғи, еркін қабылдауды ынталандыратындықтан, оны тіл үйренуде тиімді пайдалануға болады. Бұл әдіс студенттің саналы қарсылығын айналып өтіп, бейсаналық деңгейде тілді меңгеруге мүмкіндік береді.

Мұндағы ең басты қағидалар:

1. Релаксация және сенімділікті арттыру. Тіл үйренушілердің басым көпшілігі жаңа тілді үйренуде қорқыныш пен сенімсіздікке тап болады. Эриксондық гипноздың жеңіл транс әдістері үйренушіні босаңсытып, тілді қабылдауға барынша жағдай жасайды.

Мәселен, сабақтың басында қысқа релаксациялық жаттығулар жасатып, «Құрметті студенттер! Сіздер қазір тілді табиғи түрде қабылдайсыздар» деген сияқты сенімді ұстанымды қалыптастыруға болады.

2. Метафоралар мен әңгімелер арқылы үйрету. Тіл үйренушілерге қызықты, әрі олардың бейсанасына әсер ететін метафоралық әңгімелер айту арқылы сөздік қорын жаңа сөздермен толықтыруға болады. Мәселен, «Жаңа тілді үйрену – жаңа, ғажайып әлемді танумен немесе жаңа есікті ашумен тең. Сен есікті аштың, енді ішке енгізе дайынсың» деген сияқты образдар арқылы студенттің бейсанасына оң бағдар бере аламыз.

3. Қабылдау (табиғи) және еркіндік. Эриксондық гипноз арқылы «Қателесу – үйренудің ажырамас бір бөлігі» деген ұстанымды қалыптастыруға болады. Грамматиканы жіті талдаудың орнына, студенттерге жаңа сөздер мен сөйлемдерді интуитивті түрде сезінуге мүмкіндік беру.

4. Жанама сендіру. Күнделікті сөйлеу барысында студенттің бойында сенімділік тудыратын сөз тіркестерін жиі қолдану. Мәселен, «Сен бұл сөздерді тез түсініп кетесің», «Сен қазірдің өзінде осы тілде ойлана бастадың» деген сөйлемдерді айтқанда, студенттің бейсанасы оны қабылдап, тілді тез үйренуге бейімделеді.

5. Гипнотикалық визуализация және елестету. Тіл үйренушілерге жаңа сөздер мен сөйлемдерді жай ғана қайталанудың орнына, оларды визуалды түрде елестетуін өтіну / сұрау. Мәселен, «Сен жаңа тілді еркін меңгерген кейінгі болашағыңды елестетіп көр» немесе «Шетелде осы тілді еркін қолданып жүрген сәтінді сезін» деген жаттығулар арқылы бейсаналық деңгейде үйренуді күшейту.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Эриксондық гипнозды тіл үйретуде қолдану үйренушінің психологиялық тосқауылдарын алып тастап, тілді табиғи түрде қабылдауына мүмкіндік береді. Ол студенттің өзін еркін сезінуіне, сөздерді тез меңгеруіне және сөйлеу дағдыларын жақсартуына барынша көмектеседі.

М. Эриксонның стратегиялық тұжырымы Л.С. Выготскийдің дамуда болып жатқан динамикалық өзгерістер әлеуметтік жағдайдағы даму идеясымен үндеседі.

Л.С. Выготскийдің «Ойлау және тіл» ғылыми еңбегі – психология, лингвистика және педагогиканы ғылымдары тоғысында зерделеген ауқымды еңбек. Мұнда ғалым адамның ойлауы мен тілінің тығыз байланысын, олардың дамуы барысындағы өзара сабақтастығын саралайды.

Негізгі ғылыми тұжырымдар:

1. Ойлау мен тілдің өзара тығыз байланысы екендігі: Л.С. Выготскийдің пікірінше, ойлау мен сөйлеу алғашында өз бетінше, дербес даму эволюциясынан өтеді, алайда дамудың белгілі сатысында екеуі бірігіп, біртұтас «жүйе» қалыптасады. Баланың тілі шыққанда бұл «сөйлеу тілі», бала өскен сайын сөздік қоры толығып, ол «ішкі сөйлеуге», яғни, ойлаудың негізгі құралына айналады.

2. Ішкі сөйлеу және сыртқы сөйлеу: ішкі сөйлеу – адамның ішкі ойлауы, оның сыртқы сөйлеуден өзіндік айырмашылығы бар. Сыртқы сөйлеу – адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы.

3. Сананың аралық/перифериялық даму аймағы: бұл ғалымның аса маңызды тұжырымдарының бірі де осы. Демек, баланың қазіргі білімі және оның даму деңгейі арасындағы аралықта, оны барынша толыққанды жетілдіру үшін үлкендердің және білікті мамандардың көмегі керек.

4. Тілдің когнитивті дамуы: тіл – когнитивтік әрекеттердің басты құралы, ол адам санасын, мәдениет пен қоғамды дамытудың маңызды механизмі. Білім мен дағдыларды игеру де тілді меңгеру арқылы жүзеге асады.

5. Әлеуметтік орта мен мәдениеттің рөлі: баланың ойлау және сөйлеу қабілеті оның әлеуметтік ортасына әрі мәдениетаралық контекстіне тәуелді болады. Тұлғаның дамуы қарым-қатынас арқылы жүзеге асады, яғни, бала қоғаммен біте қайнасып жүріп, өзіне

қажетті білімді игереді.

Ойымызды қорытындылай келе, Л.С. Выготскийдің ғылыми еңбегі тіл мен ойлаудың дамуын психологиялық және әлеуметтік контексте қарастырып, олардың бір-біріне тәуелді екенін көрсетеді. Қазіргі таңда аталған теория білім беру саласында, педагогикада, әсіресе, оқыту әдістемесінде кеңінен қолданылады (Выготский, 1930: 7-9).

С.М. Жақыпов былай деген: «шешімнің тепе-теңдік әдістің бірі ол – интерқарқынды оқыту әдісі» оқу әрекетіндегі адамның әлеуметтік психологиялық механизмінің біріккен белсенділігінің негізінде (Жақыпов, 2010: 3).

С.М. Жақыповтың зерттеу еңбектері когнитивті психология, білім беру әдістемесі және тілді оқыту салаларымен тығыз байланысты. Оның ғылыми еңбектері білім беру үдерісінде білім алушының танымдық белсенділігін арттыруға, тілдік дағдыларды дамытуға және тиімді оқыту әдістерін қолдануға бағытталған.

Зерттеушінің ғылыми тұжырымдарын назарға ала отырып, оның тілдік білім беруге қатысты ең тұщымды ойларын келесідей түйіндеуге болады:

1. Танымдық әрекеттің интерактивтілігі – оқыту үдерісіне білім алушылардың белсенді қатысуы және өзара коммуникация жасауы олардың тілді меңгеруге деген ынтасын арттырып, қабілетін күшейтеді. Мұнда тұлғааралық қарым-қатынастың маңыздылығы айқындалады.

2. Диалогтық оқыту принципі – тілді үйрету кезінде студенттердің сөйлеу әрекетіне көбірек араласуы және коммуникативтік дағдыларын барынша дамытуға бағытталған жұмыстары жасалуы тиіс. Бұл тілдік дағдыларды меңгеруге ықпал етеді.

3. Ойлау, ойлану әрекеттері мен тілдік білімнің байланысы – тіл үйрену адамның когнитивтік қабілеттерімен тығыз байланысты. Сондықтан да оқыту әдістемесі тұлғаның ойлау жүйесіне, демек жас ерекшеліктеріне, бейіндік сипатына сәйкес құрылуы тиіс.

4. Құзыреттілікке бағытталған оқыту – ғалым тілді тек грамматикалық құрылымдар арқылы үйрету жеткіліксіз екеніне баса назар аударып, оны практикалық дағдылармен ұштастыруды ұсынады.

5. Оқытудың психологиялық аспектілері – тілдік білім беруде эмоциялық және мотивациялық факторлардың рөлін айрықша. Студенттердің тілге деген қызығушылығын арттыру оқыту нәтижелеріне барынша оң әсер етеді.

Психолінгвистиканың, этнопсихологияның мәселесін тарихи – этностық тұрғыдан зерттеген атақты психологтар: А.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, П.Я. Гальперин, М.Г. Ярошевский, М.М. Мұқанов, Б.Б. Жарықбаев, Б.Г. Ананьев, Н.А. Логинова, С.М. Жақыповтың еңбектері басшылыққа алынды (Жақыпов, 2009: 9).

А.Р. Лурия – нейропсихология мен когнитивті ғылымның негізін қалаушылардың бірі ретінде, тіл мен сананың өзара байланысын терең зерттеген ғалым. Оның еңбектерін саралай келе, төмендегідей негізгі аспектілерді атап көрсетуге болады:

1. Нейрондық негіздер мен афазия. Лурия мидың әртүрлі аймақтарының тіл функцияларына қалай әсер ететінін зерттеп, афазия сияқты бұзылыстардың негізін талдады. Ол мидың белгілі бір бөлімдеріндегі зақымдардың тілдік функциялардың бұзылуына әкелетінін көрсетіп, тіл мен сананың өзара байланысының нейрондық негіздерін айқын көрсетті.

2. Тілдің когнитивті функциясы. Ғалымның зерттеулерінде тіл тек қана коммуникация құралы емес, сонымен қатар таным үдерісінің маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Лурия тілдің адамның ойлау, еске сақтау және ақпаратты өңдеу барысында қалай ықпал ететінін, оның когнитивті жүйелермен тығыз байланысты екенін дәлелдеді.

3. Тіл мен сананың интеграциясы. Лурияның еңбектерінде тіл мен сананың өзара әрекеттесуі күрделі, көпқырлы үдеріс ретінде сипатталады. Ол тілдің мидың нейрондық құрылымымен тығыз байланыста екенін және мидың жұмысындағы өзгерістердің адамның тілдік қабілетіне тікелей әсер ететінін зерттеді.

4. Практикалық маңызы. А. Лурияның зерттеулері клиникалық нейропсихологияда, әсіресе афазияны емдеу және реабилитация салаларында кеңінен қолданылып, білім беру үдерісінде тілдік функцияларды дамыту және қалпына келтіруге бағытталған әдістердің негізін қалады.

Сондай-ақ, А.Р. Лурияның еңбектері тіл мен сананың өзара байланысын, оның нейрондық механизмдерін және когнитивті функцияларын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беріп, нейропсихология мен нейролингвистиканың дамуына зор үлес қосты.

Нәтижелер мен талқылаулар

Әлемдік лингвистикалық ой-тұжырымдарда этнос тілінің ұлттық мәдениетпен тығыз байланыстылығы, ұлт мәдениетінің сол этностық тілінде сақталып, дамып, болашақ ұрпаққа жеткізілетіндігі туралы идея атақты ғалым В. фон Гумбольдтың «Тіл – халық рухы, халық рухы тіл арқылы көрініс табады». Тіл – ойды жарыққа шығаратын негізгі құрал. Тіл мен ой бір тұтас ұғымдар. Әрқайсысы тіл білімімен логика сияқты өз алдына жеке ғылым объектісі болса да, бірінің қызметі екіншісіне тәуелді категориялар болып табылады (Шпет, 2009: 4).

В. фон Гумбольдтың (1767–1835 жж.) тіл білімі саласын зерттеуге арналған еңбектерін зерделей келе, мынадай ой түйеміз. Ол әмбебап тілтанушы, тіл философиясының, салыстырмалы тіл білімі және этнолингвистиканың дамуына үлкен ықпал етті. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ойлаудың, дүниетанымның және мәдениеттің айнасы екенін көрсетті. Ғалым тіл мен ойлауды біртұтас құбылыс ретінде қарастырды. Демек, тіл – ойлаудың көрінісі ғана емес, оны зерделейтін құрал; әрбір халықтың тілі оның өзіне ғана тән айрықша дүниетанымның көрсеткіші. Тілдің сыртқы формасы бұл тілдің грамматикалық құрылымыс және сөздік қоры. Ішкі формасы яғни, мазмұны белгілі бір ұлттың дүниені қабылдау ерекшелігін көрсететін тілдің рухани мәні. Мәселен, неміс тілінде күрделі құрмалас сөйлемдер көп, бұл неміс халқының ойлау жүйесінің құрылымдылығын көрсетеді. Ал, қытай тілінде тондық жүйенің болуы, бұл халықтың тыңдау арқылы қарым-қатынасты түсіну қабілетінің дамуына ықпал етті.

Тіл – шығармашылық үдеріс, демек, тіл үнемі дамып, өзгеріп отыратын тірі құбылыс. Ол тілді «*ergon*» (дайын өнім) емес, «*energeia*» (үздіксіз процесс) деп атады. Гумбольдтың пікірінше, әрбір тіл белгілі бір халықтың ұлттық рухани бейнесін сипаттайды. Ол әрбір тіл әлемді өзінше сипаттайды және сол тілде сөйлейтін адамдардың ойлау жүйесіне де әсер етеді деп сенді. Бүгінде мұны когнитивті лингвистикада «лингвистикалық салыстырмалылық» деп жүрміз. Сондай-ақ, Сепир–Уорф гипотезасының пайда болуына түрткі болды.

Шын мәнінде, тіл тек коммуникация құралы ғана емес, сонымен қатар адамның дүниетанымның және мәдениетінің айқын көрінісі.

«Тіл мен дүниетаным бірлігі» туралы идеяны алғаш рет Америкалық этнолингвистер Ф. Боас, Э. Сепир, Б. Ли Уорф өздерінің ғылыми жұмыстарында зерделегені белгілі.

1921 жылы жарық көрген Эдуард Сепирдің «Тіл», 1929 жылы жарық көрген «Тіл білімі», Б. Уорфтың «Тіл, ойлау және шындық» жинақтары (1959 ж.). Е. Сепир көптеген үнді тайпаларының тілдерін зерттеген кезде, неміс лингвисті Л. Вайстербер «Неміс тілінің күші» туралы төрт томдық зерттеу жазды (Этнос, 2001: 18).

С.Ж. Баяндинаның «Функции языка в контексте современной лингвистической парадигмы» диссертациясындағы ұсынылған ғылыми жаңалығы: тіл функциясы және тілдің бірліктері қазіргі лингвистикалық парадигма контекстінде зерттелген. Тұңғыш рет тілдің қызметіне жан-жақты әрі толыққанды зерттеу жүргізілді (Баяндина, 2019: 16).

Қ. Жұбанов ойлау мен сөзді өзара тығыз байланыста зерттеген. Құдайберген Жұбановтың ойлау мен сөзді өзара байланыста зерттеуге басымдық беруінің өзіндік бірнеше негізгі себептері бар (Тіл ғыл., 2023: 4).

Тіл – ойдың көрінісі, Қ. Жұбановтың пікірінше, сөз тек қана коммуникация құралы ғана емес, ол адамның ішкі дүниесін, логикалық сабақтастығын және шығармашылық қабілеттерін бейнелейді. Сондықтан, тілдік құрылымдарды зерттеген кезде, адамның ойлау үдерісімен қатар когнитивтік сипаттар айқын көрінеді.

Қазақ тілінің ерекшелігі мен дамуын зерттегенде, тілді ұлттық сана мен мәдениеттің айнасы ретінде қарастыру маңызды. Ойлау мен сөздің өзара ықпалдастығы қазақ халқының дүниетанымын, тарихын және мәдени ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Қ. Жұбанов ой мен сөз арасындағы байланыс тек лингвистикалық ғана мәселе емес, сонымен бірге философиялық сауалдарға да жауап алуға негіз бола алады. Бұл тәсіл тілдің құрылымы мен функциясын адамның танымдық үдерісімен тығыз байланыста зерттеуге мүмкіндік береді.

Тілдің тарихы мен эволюциясын түсіну үшін, оның ойлау үдерісімен байланысын зерттеу қажет. Нәтижесінде қазақ тіліндегі дыбыстық, морфологиялық және синтаксистік өзгерістердің себептері мен мәнін тереңірек ашуға мүмкіндік аламыз.

Демек, ойлау мен сөзді өзара тығыз байланыста зерттеу – тілдің тек құрылымдық ерекшеліктерін ғана емес, адамның дүниетанымын, философиялық және лингвистикалық интеграцияны, мәдениет пен тарихты түсінуге бағытталған кешенді ғылыми әдіс болып табылады.

Сөздің мәндік тұтастығы мен мағыналық жүйесінің психологиялық тұрғыдан бірыңғай жүйе ретінде қарастырылуын, С.М. Жақыпов «мағыналық құрылым жүйесі» терминімен сипаттайды. С.М. Жақыпов ойлау мен сөйлеудің, ойлау мен қарым – қатынастың, интеллект пен аффектінің ұстанымдарының бірыңғай жүйесін толыққанды зерттеді (Жақыпов, 2009: 14).

Нейролингвистикалық бағдарламалау (НЛП) – адамның ойлау, тіл және мінез-құлық арасындағы байланысты зерттейтін және сол байланыс негізінде жеке тұлғаның ішкі тәжірибесін өзгертуге бағытталған әдіс.

Нейролингвистикалық бағдарламалауды (НЛБ) алғаш рет 1970-ші жылдардың басында Ричард Бэндлер мен Джон Гриндер ойлап тапты. Олар өздерінің терапиялық тәжірибелері мен зерттеулері негізінде адам миының, тілінің және мінез-құлықтың өзара байланысын талдау арқылы оң нәтижелі өзгерістерге қолжеткізді (Бэндлер, 2010: 113).

Нейро (ми), адамның қабылдау, есте сақтау, ойлау үдерістері және эмоциялары мидың жұмысымен тығыз байланысты, ал тіл – адамның ойлауын, ішкі әлемін бейнелейтін құрал. Ол біздің әлемді қалай қабылдайтынымызды және өзімізді қалай сипаттайтынымызды айқындайды.

Бағдарламалауды (мінез-құлық) деп алсақ, адам өмірінде белгілі бір қағидаларды басшылыққа алады немесе ұстанады, ал олар біздің мінез-құлқымыз бен іс-әрекеттерімізді қалыптастырады.

НЛБ әдістері арқылы адамдар:

- Өздерінің ішкі шектеулерін, теріс сенімдерін өзгертіп, жаңа көзқарас қалыптастыруға;
- Эмоцияларын басқаруға;
- Тиімді коммуникация дағдыларын дамытуға;
- Жеке және кәсіби өміріндегі жетістіктеріне қол жеткізуге ұмтылады.

Сонымен, нейролингвистикалық бағдарламалау – адамның ішкі дүниесін, тілін және мінез-құлықын кешенді түрде, жан-жақты зерттеп, оны тиімді өзгертуге бағытталған психологиялық және даму әдістерінің жиынтығы болып табылады.

Нейролингвистикалық бағдарламалауды (НЛБ) өңдеушілердің арасында ерекше Роберт Дилтсті атауға болады, Роберт Дилтс – осы саладағы танымал маман, автор, тренер және кеңесші. Ол НЛБ теориясы мен әдістерін жетілдіруде маңызды үлес қосқан тұлға. Оның басты еңбектерінің бірі – логикалық деңгейлер моделі, ол тұлғаның ішкі

құрылымын және өзгеру үдерістерін түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, Дилтс «Sleight of Mouth» сияқты коммуникация стратегияларын әзірледі, бұл адамдардың сенім жүйесін өзгерту, нәтижесінде ұтымды коммуникацияға қолжеткізуге болатынын дәлелдеді. Ол сенім, динамикалық оқыту, ойлау жүйесі, адам дарындылығы, өнері, көсемділігі және бизнес жайында қырықтан астам кітаптар жазған (Роберт, 2008: 155).

Қорытынды

Ойымызды қорытындыласақ, мақалада қазіргі тіл білімі интегративті ғылым ретінде қарастырылып, білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруға, сөйлеу мәдениеті мен конструктивті ойлауды дамытуға ықпал ететін заманауи талаптарға сай ерекшеліктері талданады. Студенттердің нейролингвистикалық зерттеу дағдыларын қалыптастыруға, олардың маңыздылығына, алынған құзыреттеріне, жаңа білімдерді меңгерудегі және пәнге қызығушылықты арттырудағы осы әдістің тиімділігіне айрықша назар аударылады. Сондай-ақ, нейроғылым мен лингвистика арасындағы өзара байланыс, нейролингвистиканың нейроғылыми және лингвистикалық идеяларды жүзеге асыру мақсатында трансформациялануы зерттеледі. Зерттеудің негізгі әдісі – салыстырмалы-салыстыру әдісі.

Мақалада ұсынылған ғылыми тұжырымдамасы, бұл нейролингвистиканы, тіл білімі мен нейроғылымды біріктіретін пәнаралық ғылым ретінде зерттеуге арналады. Жұмыстың негізгі мақсаты – тіл мен мидың өзара байланысын зерттеу, сондай-ақ студенттер арасында нейролингвистикалық дағдыларды қалыптастыру әдістерін әзірлеу. Автор нейролингвистиканың сөйлеу мен тілге қатысты когнитивті үдерістерді түсінудегі маңыздылығын және оның білім беру барысындағы рөлін атап көрсетеді.

Ғылыми тұжырымдаманың негізгі аспектілері:

1. Лингвистика мен нейроғылымның интеграциясы. Нейролингвистика – тіл мен мидың өзара әрекеттесуін зерттейтін ғылым ретінде қарастырылады. Автор нейролингвистиканың неврология мен лингвистиканың тоғысында пайда болғанын және оның дамуы И.А. Бодуэн де Куртенэ, Л.С. Выготский және А.Р. Лурия, Қ. Жұбанов, М. Жақыпов, С. Баяндин сияқты ғалымдардың зерттеулерімен байланысты екенін айтады.

2. Когнитивті нейролингвистика. Мақалада когнитивті нейролингвистиканың сөйлеуді адамды тану құралы және қоршаған әлеммен өзара әрекеттесу құралы ретінде зерттейтінін атап көрсетеді. Ол тілді білімдерді жинақтау, жүйелеу, өңдеу және пайдалану негізі ретінде қарастырады.

3. Зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Автор студенттер арасында нейролингвистикалық дағдыларды қалыптастыру әдістерін ұсынады, мұндай тәсілдер олардың кәсіби қалыптасуына ықпал етеді. Әсіресе, сөйлеу мәдениетін, сындарлы ойлау қабілетін және конструктивті диалог жүргізу мүмкіндігін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

4. Нейролингвистиканы білім беру барысында кеңінен қолдану қажет. Мақалада нейролингвистикалық зерттеулерге негізделген оқыту әдістері талқыланады, мысалы, метафораларды, визуализацияны және гипноздық техникаларды қолдану арқылы тілдік материалды қабылдау мен есте сақтауды жақсартуға болады.

5. Тіл мен сананың өзара байланысы. Автор А.Р. Лурияның тіл мен сананың байланысын, сонымен қатар мидың тілдік ақпаратты өңдеудегі рөлін зерттеген еңбектеріне сілтеме жасайды. Лурияның зерттеулері мидың әртүрлі аймақтарындағы зақымдардың әртүрлі афазия түрлеріне әкелетінін көрсетеді, бұл тіл мен мидың өзара әрекеттесуінің құрделілігін айқындайды.

6. Эриксондық гипнозды оқытуда қолдану. Тілді үйренуде Эриксондық гипнозды қолданудың маңыздылығы қарастырылады. Бұл әдіс студенттердің психологиялық

тосқауылдарын жеңуге көмектесіп, тілдің менталдық деңгейде табиғи түрде меңгерілуіне ықпал етеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – тілді зерттеуде нейролингвистикалық және когнитивтік тәсілдерді біріктіру, сондай-ақ нейроғылыми зерттеулерге негізделген жаңа оқыту әдістерін ұсыну. Автор нейролингвистиканың білім беру үдерісінің тиімділігін арттыруға және студенттердің зерттеушілік дағдыларын дамытуға қалай ықпал ететінін көрсетеді.

Мақала лингвистика мен нейроғылымды біріктіретін ғылым ретінде нейролингвистиканы кешенді зерттеуге арналған. Автор сөйлеу мен тілге байланысты когнитивтік үдерістерді түсінуде нейролингвистикалық зерттеулердің маңыздылығын атап көрсетіп, білім беру барысында қолдануға болатын практикалық әдістерін бағамдайды. Жұмыс нейролингвистика ғылымының дамуына үлес қосып, қазіргі нейроғылыми зерттеулерге негізделген тіл үйретудің жаңа тәсілдерін ұсынады.

Әдебиеттер тізімі

Баяндина, С.Ж. (2019) Функции языка в контексте современной лингвистической парадигмы: Автореф. дис...д.филолог. н.:10.02.19-теория языка ... <https://cyberleninka.ru/article/n/funktsii-i-funktsionirovanie-yazykovyh-edinit-v-slovoobrazovanii-kazahskogo-yazyka>

Бендлер, Р. (2010). *Как использовать гипноз для изменения жизни к лучшему* (Richard Bandler's Guide to Trance-formation)

Выготский, Л.С. (1930). *Мышление и речь*. Москва, Книга.

Жақыпов, С.М. К вопросу об экранизациях в аспекте сравнительного литературоведения. URL: <https://scholar.archive.org/work/i7k3uuasufbnfigitkx7434tvy/access/wayback/http://bulphil.enu.kz/uploads/archive/old/the-problem-of-screening-in-the-aspect-of-comparative-literature.pdf>

Жақыпов, С.М. Қазақ көне эпосындағы аң тілдік таңбасы. URL: <https://scholar.archive.org/work/subl7iwzozdfrpi7hrvgauuywa/access/wayback/http://bulphil.enu.kz/uploads/archive/old/the-language-sign-ang-in-the-kazakh-ancient-epos.pdf>

Кандель, Э. (2020). *Растроянная психика. Что рассказывает о нас необычный мозг*. Перевод З. Мамедьяров, Литрес, Corpus.

Ким, Е.Г. (2005). Применение эриксоновских техник в процессе обучения: автореферат...к.психол.н.-19.00.07: Педагогическая психология. Алматы.

Лурия, А. Р. (n.d.) *Язык и сознание*. URL: <https://www.meloman.kz/serija-knig/jekoroket/>

Дилтс, Р. (n.d.) *Фокусы языка. Изменение убеждений с помощью НЛП*. URL: <https://www.flip.kz/descript?cat=publish&id=11688>

Тіл ғылымының тұңғыш профессоры. (n.d.) <https://egemen.kz/article/40847-til-ghylumynynh-tunhghysh-professory>

Шпет, Г.Г. (2009). *Внутренняя форма слова. Этюды и вариации на темы Гумбольдта*. Москва, Книжный дом «Либроком».

Эриксон, М. (1901). Мой голос останется с вами (My Voice Will Go With You) *Эриксондық гипноз: Таңдамалы еңбектер» (Collected Papers of Milton H. Erickson on Hypnosis)*.

Этнос және тіл. (n.d.) URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/ethnos-zane-til_23802

References

- Bayandina, S. Zh. (2019). *Funktsii yazyka v kontekste sovremennoy lingvisticheskoy paradigmy* [Functions of language in the context of the modern linguistic paradigm] (Doctoral dissertation abstract). Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/funktsii-i-funktsionirovanie-yazykovyh-edinit-v-slovoobrazovanii-kazahskogo-yazyka>
- Bandler, R. (2010). *Richard Bandler's guide to trance-formation: How to use hypnosis to bring out the best in yourself and others*. HarperCollins.
- Dilts, R. (n.d.). *Sleight of mouth: The magic of conversational belief change*. Retrieved from <https://www.flip.kz/descript?cat=publish&id=11688>
- Erickson, M. H. (1901). *My voice will go with you: The teaching tales of Milton H. Erickson*.
- Kandel, E. (2020). *The disordered mind: What unusual brains tell us about ourselves* (Z. Mamedyarov, Trans.). Corpus.
- Kim, E. G. (2005). *Primenenie eriksonovskikh tekhnik v protsesse obucheniya* [Application of Ericksonian techniques in teaching] (Doctoral dissertation abstract). Almaty.
- Luria, A. R. (n.d.). *Yazyk i soznanie* [Language and consciousness]. Retrieved from <https://www.meloman.kz/serija-knig/jekopoket/>
- Shpet, G. G. (2009). *Vnutrennyaya forma slova: Étyudy i variatsii na temy Gumbol'dta* [The inner form of the word]. Librokom.
- Vygotsky, L. S. (1930). *Myshlenie i rech'* [Thinking and speech]. Kniga.
- Zhakypov, S. M. (n.d.). *Kazakh kóne éposyndaǵy ań tilik tańbasy* [The language sign “ań” in the Kazakh ancient epos]. Retrieved from <https://scholar.archive.org/work/subl7iwzozdfrpi7hrvgauuywa/...>
- Zhakypov, S. M. (n.d.). *K voprosu ob ekranizatsiyakh v aspekte sravnitel'nogo literaturovedeniya* [On the problem of screen adaptations in comparative literature]. Retrieved from <https://scholar.archive.org/work/i7k3uuasufbnfigtkx7434tvy/...>
- Til ǵylymynyń tuńǵysh professory* [The first professor of linguistics]. (n.d.). Egemen Qazaqstan. Retrieved from <https://egemen.kz/article/40847-til-ghylymynynh-tunhghysh-professory>
- Etnos zháne til* [Ethnos and language]. (n.d.). Adebiportal. Retrieved from https://adebiportal.kz/kz/news/view/etnos-zane-til_23802

Nazym Toleeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
(E-mail: toleeva.nazym@mail.ru)

Neuroscience and linguistics: modern problems of neurolinguistics

Abstract. The article examines the specifics of modern linguistics as an integrative science, the formation of research skills that contribute to the formation of students as future scientists, the development of a culture of speech, constructive thinking that meets modern requirements.

The main aspects of the formation of students' neuro-linguistic research skills are considered, for which it is important, what skills are acquired by the student during the research, how effective this method is in the process of mastering new knowledge and how much it helps to increase the student's interest in the subject. The specifics and interrelation of neuroscience at the junction are also considered. The study shows how the author transforms neuro-linguistics to implement neuroscientific and linguistic ideas. The main research method is comparative.

Keywords: neurolinguistics, neuropsychology, philosophy of language, cognitive neurolinguistics, skills, formation, methods, research, optimal, discipline, interest, mastery, improvement, student, professional development, cooperation.

Назым Толеева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
(E-mail: toleeva.nazym@mail.ru)

Нейронаука и языкознание: современные проблемы нейролингвистики

Аннотация. В статье рассматривается специфика современного языкознания как интегративной науки, формирование исследовательских навыков, способствующих становлению обучающихся как будущих ученых, развитие культуры речи, конструктивное мышление, соответствующее современным требованиям.

Рассматриваются основные аспекты формирования у обучающихся навыков нейролингвистического исследования, для чего это важно, какие навыки приобретает студент в ходе исследования, насколько эффективен данный метод в процессе освоения новых знаний и насколько он способствует повышению интереса обучающегося к предмету. Также рассматривается специфика и взаимосвязь нейронауки на стыке. Исследование показывает, как автор трансформирует нейролингвистики для реализации нейронаучных и лингвистических идей. Основной метод исследования: сравнительно-сопоставительный.

Ключевые слова: нейролингвистика, нейробиология, философия языка, когнитивная нейролингвистика, навыки, формирование, методы, исследования, оптимальные, дисциплина, интерес, овладение, повышение, обучающийся, повышение квалификации, сотрудничество.

Автор туралы мәлімет:

Толеева Н.А. – аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9828-5440>

Information about authors:

Toleeva N.A. – Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9828-5440>

Сведения об авторах:

Толеева Н.А. – старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9828-5440>

